

3. March J.G., Olsen J.P. Rediscovering Institutions: The Organizational Basis of Politics. – New York: Free Press, 1989.
4. Tocqueville A. Democracy in America. – Paris, 1835.
5. Rondinelli D. Government Decentralization in Comparative Perspective // International Review of Administrative Sciences. – 1981.
6. European Charter of Local Self-Government. – Strasbourg, 1985.
7. UNDP. Governance for Sustainable Human Development. – New York, 1997.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН САЯСАТЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Жұмағалиева А.Ж.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан
e-mail: ajdanazumagalieva3@gmail.com
Ғылыми жетекшіі: т.ғ.к, қауымдастырылған
 профессор Жумасұлтанова Г.А.

Соңғы онжылдықтарда әйелдердің саясаттағы рөлі әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да өте маңызды тақырыпқа айналды. Әйелдер қоғамның дамуына маңызды үлес қосады, ал олардың саясатқа қатысуы тек теңдік мәселесі ғана емес, елдің тұрақты дамуы үшін де маңызды фактор болып табылады. Бұл мақалада біз Қазақстандағы әйелдердің саяси өмірдегі рөлін, қол жеткен жетістіктерді, олардың кездескен мәселелерін және саясаттағы әйелдердің жағдайын жақсартуға бағытталған қадамдарды қарастырамыз.

Ең бірінші Қазақстандағы әйелдердің саясатқа қатысу тарихын талдап кетеміз. Қазақстандағы әйелдердің саясатқа қатысу тарихы өзіндік ерекшеліктерге ие. Кеңес кезеңінде, әйелдер мен ерлердің теңдігі туралы ресми насихатталса да, шын мәнінде әйелдердің саяси өмірдегі мүмкіндіктері шектеулі болды. Әйелдер көбінесе көмекші және екінші реттік рөлдерде болды. Бірақ 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай өзгерді.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап елде, соның ішінде әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету саласында да реформалар жүзеге асырыла бастады. 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін бекітті. Атап айтқанда, Конституцияның 10-бабында ерлер мен әйелдердің тең құқықтары қағидаты көрініс тапқан [1].

Конституциялық нормаларды дамыту мақсатында ұлттық заңнамада ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету тетіктері нақтыланды. Еңбек қатынастары саласында ерлер мен әйелдерге еңбек шартын жасасу, бос жұмыс орындарына тең қол жеткізу, біліктілікті арттыру және қызметте жоғарылау мәселелерінде тең құқықтар мен мүмкіндіктерге кепілдік беріледі. Сонымен қатар жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке жол берілмейтіні және мұндай жағдайда құзыретті органдарға жүгіну құқығы бекітілген [1].

Бұл шаралар әйелдердің жағдайын жақсарту жолындағы маңызды құқықтық негіз қалыптастырды. Дегенмен, қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, әйелдер әлі де қоғамдық-саяси өмірде гендерлік стереотиптер мен шектеулі мүмкіндіктерге байланысты бірқатар кедергілерге тап болуда.

Осы тұста қазіргі жағдай бойынша Қазақстандағы әйелдер саясатта қаншалықты белсенді деген сұрақ туындайды. Ол үшін мына статистикаға сүйенсек. 2023 жылғы 1 қаңтарындағы БҰҰ статистикасына сүйенсек еліміздің министрлер кабинетіндегі әйелдер үлесі бойынша әлемде 10,5 пайызбен 152-ші орынды көрсетті. Ондағы жалпы 19 министрдің 2-еуі әйел адам. Алайда 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысының Жолдауынан кейін бес жаңа министрлік құрылды, дәлірек айтқанда үшеуі қайта жасақталды. Осы орайда ауыс-түйістен кейін министрлердің құрамы ауысып, бүгінгі таңда Үкіметтің құрамын 4 әйел құрайды [2].

Ал БҰҰ-ның Парламенттегі әйелдер үлесі бойынша жасаған статистикасында (2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) Қазақстан 83-орынға жайғасқан. Парламенттің төменгі палатасында (мәжілісте) 107 депутаттың 29-ын әйел адамы, ол – 27,4 пайыз, ал жоғарғы палатасында (сенатта) 50 депутаттың 9-ын әйел депутаттар құраған, ол – 18,8 пайыз. 2023 жылдың наурызында парламенттің сегізінші шақырылымына сайлау өткеннен кейін бұл статистика өзгерді. Сегізінші шақырылымында әйел адамдардың үлесі сенатта 50 депутаттың 11-ін, ал мәжілісте 107 депутаттың 19-ын құрады [2].

Қазақстанда бізге белгілі бірқатар әйелдер жоғары лауазымдарға ие болды. Мысалы, 2019-2020 жылдар арасында Дариға Назарбаева Сенат төрағасы қызметін атқарды, 2020–2022 жылдары Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда облысының әкімі қызметін атқарып, Қазақстан тарихындағы алғашқы әйел облыс әкімі болды, ал Аида Балаева 2022—2023 жылдары Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары қызметін атқарды. Қазақстандағы саясаттағы беделді әйелдер көп және олар әртүрлі деңгейлерде және салаларда маңызды рөл атқарады. Олардың кейбірі жоғары мемлекеттік қызметте, ал басқалары қоғам мен саяси өмірге белсене араласып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосуда. Міне, Қазақстандағы саясаттағы кейбір беделді келсі әйелдерді атауға болады:

- Екатерина Смышляева- көп жылдар бойы оқытушылықпен айналысты, ал 2021 жылы АМАНАТ партиясынан Мәжіліс депутаты болып сайланып, заң шығарушылық қызметпен айналыса бастады. «Теориялық тұрғыдан алғанда, үлкен саясатта еркектер мен әйелдер болмайды. Қызу талқылаулар тең жағдайда өтеді. Мұны өзгерту үшін әйелдерге көбірек және қарқынды жұмыс істеуге тура келеді» деген [3]. Сондықтан мен сенімдімін әйелдердің дауысы шешім қабылдау деңгейінде қажет. Өйткені, әлеуметтік мәселелермен көбірек ауыртпалық түскен және оларды тереңірек түсінетін әйелдер дүниеге басқа көзқараспен қарайды, және бұл көзқарас басқару процесінде маңызды.

- Динара Шүкіжановаға 2023 жылы болған сегізінші шақырылым Мәжіліс дебюті болды. Мамандар саясатқа өнеркәсіп саласынан келгендіктен, ер адамдар ұжымында жұмыс істеу оған жаңалық болмады. Ол өзінің сөзінде кәсібиліктің жынысы жоқ екенін атап өтіп, мұнда басты фактор адамның жеке қасиеттері мен біліктілігі екендігін айтты [3]. Бұл пікірдің негізінде біз кәсібилік пен табысқа жетудің тек кәсіби дағдылар мен мақсаттарға бағытталған жұмыстың нәтижесі екеніне көз жеткіземіз. Әйел немесе еркек болу – бұл тек сыртқы фактор, бастысы – адамның қабілеті мен адалдығы.

- Қарақат Әбден - Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі, бес баланың анасы және 2023 жылы "Ауыл" партиясынан Мәжіліс депутаты болды. Қарақат Әбден өз сөзінде әйелдердің саясаттағы орны мен рөлін көрсетіп, олардың кәсібилігі мен басшылық қасиеттерін атап өтеді [3]. Ол әйелдердің саяси мансабында сәтті болуына тек өз күштері мен қабілеттерінің арқасында жеткенін айта отырып, әйелдерде ерекше артықшылықтар бар екендігін атап өтеді. Жұмсақ күш, икемділік, даналық, әділеттілікке деген сезім мен педантизм сияқты қасиеттер әйелдерге саясатта тиімді басқарушы болуға мүмкіндік береді деп сенеді. Бұл сөздер әйелдердің саясаттағы рөлін жоғары бағалайтынын және қоғамда әйелдерге деген стереотиптерді жою қажет екенін көрсетеді. Осылайша, Қарақат Әбден өзінің саяси мансабында үлгі болып, әйелдердің саясаттағы әлеуетін арттыруға үлес қосуда.

Үш әйел, үш депутат, үш түрлі тарих. Бірақ осы материалдың әрбір кейіпкері сенімді: қазақстандық әйелдер қоғамға ұсынар нәрсесі бар. Отбасы мен мансапты қатар алып жүру, қоғамның күткен үмітін ақтау, стереотиптермен күресу және өз құқықтарын жүзеге асыруға дәлелдер келтіру – әйелдердің алдында әлі де көптеген күрделі міндеттер тұр, олар осы тапсырмаларды орындауға міндетті, өйткені бұл өз қыздары үшін әділ қоғам құруға бағытталған. Бұл әйелдердің саяси өмірде маңызды рөл атқара алатынын көрсетеді. Бірақ жоғары лауазымдарды иеленген әйелдер саны әлі де аз, және бұл әлі де әйелдердің толыққанды саяси қатысу мүмкіндіктерін шектейді.

Қазақстан саясатындағы әйелдердің өкілдік деңгейін талдау маңызды мәселе болып отыр. Зерттеу барысында 2023–2024 жылдардағы мәліметтерге сүйендік. Осыған сәйкес, әйелдердің өкілдік және саяси қатысушылықтың кезеңдер арқылы деңгей көрсеткіштерін төменгі 1-ші кестеден көре аламыз.

Кесте 1

Қазақстандағы әйелдердің саяси өкілдік деңгейінің динамикасы (2010–2024)

Жылдар	Мәжілістегі әйел депутаттардың үлесі	Сенаттағы әйелдердің үлесі	Мемлекеттік қызметтегі әйелдер	Жоғары басшылықтағы әйелдер	Жергілікті мәслихаттардағы әйелдер
2010–2012	шамамен 17–18%	шамамен 10–12%	50% шамасында	10–15%	15–18%
2013–2015	20–22%	13–15%	52%	15–18%	18–20%
2016–	22–25%	15–17%	53–54%	18–20%	20–23%

2018					
2019–2021	25–27%	18–20%	шамамен 55%	20–22%	23–27%
2022–2024	27–28%	20%-дан асады	шамамен 55%	20–25%	25–30%

Бұл көрсеткіштер сандық тұрғыда өсімді көрсетсе де, жоғары стратегиялық деңгейдегі ықпал әлі де шектеулі екенін түсіндіреді [4].

Зерттеу нәтижелері әйелдердің саясаттағы рөлінің біртіндеп артып келе жатқанын көрсетеді. Гендерлік квота сайланбалы органдардағы әйелдердің үлесін көбейтті. Дегенмен, олардың ықпалы көбінесе әлеуметтік салалармен шектеледі, ал қоғамдық стереотиптер мен партиялық құрылымдардағы ерлер басымдығы саяси белсенділікті шектейді.

Сонымен, зерттеу нәтижесіне сүйенсек, Қазақстандағы әйелдердің рөлі күшейіп келеді, бірақ толық гендерлік теңдікке жету үшін жоғары басқарушылық деңгейдегі үлесін арттыру, саяси дағдыларын дамыту және институционалдық қолдауды күшейту қажет. Мұндай шаралар әйелдердің саясаттағы ықпалын нығайтып, қоғамдағы теңдікті нақты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әйелдердің саясатқа қатысуы елдің дамуы үшін өте маңызды. Біріншіден, әйелдердің саяси процестерге қатысуы әділ және теңгерімді шешімдердің қабылдануына ықпал етеді. Әйелдер көбінесе денсаулық сақтау, білім беру, балалар мен отбасы құқықтарын қорғау сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуге жаңа көзқарас енгізеді. Зерттеулер көрсеткендей, саясатта белсенді әйелдер бар елдерде әлеуметтік көрсеткіштер, мысалы, білім деңгейі, денсаулық және әл-ауқат жиі жақсырақ болады. Бұл әйелдер әлеуметтік мәселелер мен тұрақты дамуға көбірек көңіл бөледі, бұл жалпы қоғамның өміріне оң әсер етеді.

Соған қарамастан, Қазақстандағы әйелдердің саясатқа қатысуындағы мәселелер мен кедергілері бар.

Қазақстанда әйелдер саясатта белгілі бір жетістіктерге жеткенімен, олар әлі де саяси процестерге толыққанды қатысуына кедергі болатын бірқатар қиындықтарға тап болады. Әлеуметтік стереотиптер — басты мәселелердің бірі және еңбек күшін салалар бойынша бөлу кезінде гендерлік теңгерімсіздік. Яғни, жұмыс орындарын құру кезінде гендерлік аспектілер ескерілмейді.

Аманат партиясының әйелдер қанатының алғашқы форумында ұсынылған зерттеу деректеріне сәйкес, Қазақстандағы әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5,4%-ды құрайды, ал әйелдер мен ерлердің жалақысы арасындағы айырмашылық – 25% [4]. Осы қорытындыға сүйенсек осы мәселелер Қазақстандағы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жолында әлі де айтарлықтай кедергілер бар екенін көрсетеді. Әйелдердің саяси процестерге толыққанды қатысуына ықпал ету үшін мемлекет пен қоғам мынадай жүйелі шараларды қабылдауы қажет: гендерлік квота енгізу арқылы сайланбалы органдардағы әйелдердің үлесін арттыру, әйелдерге саяси көшбасшылық пен менеджмент дағдыларын дамыту бойынша тренингтер ұйымдастыру, партияларда әйелдердің белсенділігін қолдау және отбасылық міндеттерді тең бөлу арқылы қоғамдық кедергілерді азайту.

Әйелдердің саясаттағы қатысуы еліміздің дамуына маңызды әсер етеді. Олар әлеуметтік саясатты жақсартуға, шешім қабылдау сапасын арттыруға және қоғамдағы теңдікті нығайтуға ықпал етеді.

Біріншіден, әйелдердің саяси процестерге қатысуы әділ әрі теңгерімді шешімдердің қабылдануына ықпал етеді. Әйелдер жиі әлеуметтік мәселелерге, әсіресе денсаулық сақтау, білім беру, балалар мен отбасы құқықтарын қорғау сияқты мәселелерге жаңаша көзқарас әкеледі. Дәлел ретінде, UN Women жүргізген зерттеу әйелдердің парламенттегі үлесі жоғары елдерде әлеуметтік саясатқа бөлінетін шығыстар, денсаулық сақтау және білім беру көрсеткіштері әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар, жоғары лауазымдардағы әйелдер басқа әйелдерді қоғамның өміріне белсене араласуға ынталандырады. Мысалы, Дариға Назарбаева және Гүлшара Әбдіқалықова сияқты әйел саяси көшбасшылардың тәжірибесі жастар арасында әйелдердің көшбасшылыққа ұмтылысын арттыруда.

Бұл әйелдердің саясатта орны жоқ деген мәдени стереотиптермен күресуге көмектеседі және болашақ ұрпақтар үшін үлгі болып табылады.

Қазақстандағы саясаттағы әйелдердің рөлі соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, олардың қоғамдағы шешімдер қабылдауда белсенді қатысуы артты. Әйелдер саясатқа қатысу арқылы әлеуметтік мәселелерге жаңа көзқарас әкеліп, елдің дамуында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, олардың кәсібилігі мен басқарушылық дағдылары жеке қабілеттер мен мақсатқа жетуге бағытталған жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Дегемен, Әйелдердің саясаттағы жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды қарастыруға болады. Мысалы, еліміздегі әйелдердің саясаттағы рөлін арттыру үшін келесі шараларды іске асыру қажетті деп есептеймін.:

1. Әйелдердің саяси қатысуын ынталандыру үшін заңнамалық тұрғыда нақты өзгерістер мен жетілдірулер қажет. Мысалы, әйелдердің саясаттағы өкілдігін арттыру үшін партиялар мен мемлекеттік құрылымдарда әйелдер үшін міндетті квота енгізу, әйелдердің тең құқықтық қатысуын қамтамасыз ететін заңдар мен бағдарламаларды әзірлеу керек.

2. Әйелдерге саяси процестер мен мемлекеттік басқару саласында білім мен дағдыларды үйрететін арнайы бағдарламалар ұйымдастыру керек. Мысалы, «Re.Women» — Қазақстандағы «Respublica» партиясы жанындағы әйелдер қауымдастығы, ол әйелдердің саяси белсенділігін арттыру, қоғамдық мәселелерді талқылау және диалог ұйымдастыру арқылы стереотиптерді жеңуге ықпал етеді

3. Әйелдердің саясаттағы орнын нығайту үшін қоғамдағы әйелдер мен ерлер арасындағы рөлдер жөніндегі стереотиптерді өзгерту қажет. Ол үшін Қазақстанда гендерлік теңдік тақырыбын насихаттау арқылы стереотиптерді өзгертуге нақты қадамдар жасалуда. UN Women мен Біріккен Ұлттар Ұйымының дамуы жөніндегі бағдарламасы (UNDP) бірлесе ұйымдастырған тренингтер мен семинарлар мектептер мен университеттерде гендерлік теңдік, көшбасшылық дағдылары және азаматтық белсенділік туралы білім береді, нәтижесінде жастар арасында «әйелдердің саясатта орны жоқ» деген стереотип төмендеді.

4. Саяси партиялар мен мемлекеттік органдар әйелдерге саяси мансаптарын дамытуда қолдау көрсетуі тиіс. Саяси партиялар мен мемлекеттік органдар әйелдердің саяси мансабын қолдау үшін квота енгізу, менторлық бағдарламалар мен көшбасшылық тренингтер ұйымдастыруы керек. Әйелдерге арналған арнайы қолдау бағдарламалары мен ресурстарды енгізу әйелдердің саяси қатысуын арттырады. Бұл дегеніміз – әйелдердің кандидатураларын аяға тарту, саяси үгіт-насихат кампанияларында әйелдерге қаржылық және ақпараттық қолдау көрсету.

5. Әлеуметтік және экономикалық теңдікті қамтамасыз ету барысында әйелдер саясатта табысты болу үшін олардың әлеуметтік және экономикалық жағдайы жақсаруы керек. Ол үшін әйелдерге тең еңбек жағдайлары, әділ жалақы, мемлекеттік қолдау, сондай-ақ отбасы мен жұмыс арасындағы теңгерімді сақтау үшін балабақша мен білім беру жүйесінің қолжетімділігін арттыру маңызды. Осылайша, әйелдер саяси мансаптарына толыққанды көңіл бөле алады.

6. Қоғамда әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру жұмыстарын күшейту қажет. Бұл жолда әйелдер мен ерлердің тең құқықтылығын насихаттау мақсатында түрлі ақпараттық кампаниялар, конференциялар мен форумдар ұйымдастыру, бұл мәселелерді ашық түрде талқылау маңызды.

Қорытындылай келсе, Қазіргі таңда саясатта әйелдердің саны артса да, әлі де болса гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін бірқатар мәселелер бар. Әлеуметтік стереотиптер мен еңбек нарығындағы теңсіздік әйелдердің толыққанды саяси қатысуына кедергі келтіреді. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет пен қоғам жүйелі шаралар қабылдауы қажет.

Қазақстандағы әйелдердің саяси өмірдегі рөлі қоғамдағы теңдік пен әділдік үшін маңызды. Әйелдер өз құқықтарын жүзеге асырып, қоғамның дамуында өз орнын табуда. Болашақта олардың саяси қатысуы мен әсері қоғамды дамытуға ықпал ететін маңызды фактор болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Надежда З. Женщины в политике: чем казахстанки занимаются. [Электрондық ресурс] – Алматы, 2023. – Қолжетімділік: <https://informburo.kz/stati/zenshhiny-v-politike-cem-kazaxstanki-zanimayutsya-v-parlamente>
2. Ардак Б., Айдын Ш., Арайлым А. 25 самых влиятельных женщин Казахстана. [Электрондық ресурс] – Астана, 2024. - Қолжетімділік: <https://forbes.kz/articles/25-samyh-vliyatelnyh-zhenshin-kazahstana-ed460f>
3. Мещерякова А. Женщина в политике и бизнесе: как развивается гендерное равенство в Казахстане. [Электронный ресурс] – Астана, 2024. – Қолжетімділік: <https://www.nur.kz/society/2122695-zhenshchina-v-politike-i-biznese-kak-razvivaetsya-gendernoe-ravenstvo-v-kazahstane/>.
4. Нурбай Р. Научный взгляд на женщин в политике Казахстана. [Электрондық ресурс]. – Алматы, 2024. – Қолжетімділік: <https://www.inform.kz/ru/nauchniy-vzglyad-na-politiku-zhenshin-v-kazahstane-e8ae63>

5. Женщины в политике РК. Символы равноправия и демократии. [Электрондық ресурс]. – Алматы. 2023. – Қолжетімділік: <https://sayasat.kz/post/women-in-politics>

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯ: БОЛАШАҒЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Жұмағалиева А.Ж., Кенешова А.М.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенттері, Қазақстан
e-mail: ajdanazumagalieva3@gmail.com

Ғылыми жетекші: Т.Ғ.Қауымдастырылған
профессор Жумасултанова Г.А.

Жаһандық бәсекелестік күшейіп, посткеңестік кеңістікте Ресей, Қытай және АҚШ ықпалы артып отырған жағдайда Орталық Азиядағы (ОА) өңірлік интеграция ерекше маңызға ие. Ортақ тарихи-мәдени негіз бен экономикалық ұқсастықтарға қарамастан, аймақ елдері интеграцияға әртүрлі деңгейде қатысуда. Келісілген стратегияның болмауы, әлеуеттердің асимметриясы және ұлтүстілік тетіктердің әлсіздігі тұрақты интеграциялық кеңістіктің қалыптасуын тежейді. Сонымен бірге елдер көпвекторлы саясат ұстанып, ұлттық егемендікке басымдық береді.

Сонымен қатар энергетика, су ресурстары және сауда-инвестициялық байланыстар салаларында секторлық ынтымақтастық күшеюде. Бұл бағыттар интеграцияның әрі көрсеткіші, әрі оны тереңдетудің әлеуетті тетігі болып табылады. Зерттеуде Орталық Азия Интеграция Индексі (ОАИИ) негізінде аймақ елдерінің интеграциялық белсенділігі бағаланып, негізгі ынтымақтастық салалары талданады.

ОА-дағы интеграция мәселесі отандық және шетелдік зерттеулерде кең қарастырылған. А.А. Князев пен М.Т. Лаумулин геосаяси қырларын, S. Frederick Starr инфрақұрылымдық байланысты, Richard Pomfret сауда интеграциясын талдайды. Asian Development Bank (ARCI) және Eurasian Development Bank эмпирикалық бағалау жүргізеді. Дегенмен, елдер арасындағы асимметрияны ескеретін сандық құралдар жеткіліксіз.

Ғылыми әдебиеттерде халықаралық қатынастардағы интеграция – мемлекеттердің экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени салаларда жақындасуы мен бірігу үдерісі деп түсіндіріледі. Ал өңірлік интеграция дегеніміз – белгілі бір аймақ елдерінің саясаттарды үйлестіру және экономикалық ынтымақтастық негізінде тұрақты байланыстар орнатуы, нәтижесінде бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптасуы. Өңірлік интеграцияның негізгі нысандарына еркін сауда аймақтары, кеден одақтары, ортақ нарықтар, экономикалық және валюталық одақтар, сондай-ақ толық саяси және экономикалық интеграция жатады [1].

Демек, мұндай үдерістің тетіктерін, логикасын және перспективаларын терең түсіну үшін саяси ғылым мен халықаралық қатынастар аясында қалыптасқан теориялық тәсілдерге жүгіну қажет. Интеграциялық үдерістердің күрделілігі мен көпқабаттылығын, әсіресе Орталық Азия сияқты әртекті өңір жағдайында, ескере отырып, бірнеше теориялық шеңберді қатар қолдану орынды. Бұл интеграцияны институционалдық құрылымынан бастап әлеуметтік-мәдени алғышарттарына дейін әртүрлі қырынан талдауға мүмкіндік береді.

Орталық Азия елдерінің Интеграция индексі (ОАИИ) есептеу әдіснамасы.

Бұл бөлім Орталық Азиядағы өңірлік интеграция деңгейін ОА елдерінің Интеграция индексі (ОАИИ) негізінде бағалауға арналған. Индексті есептеу әдіснамасы өңірлік интеграцияның неофункционалистік тәсіліне сүйенеді: секторлық ынтымақтастық (экономика, көлік, миграция) интеграцияны ынталандырады, ал экономикалық және демографиялық асимметриялар кедергі келтіреді. $(1 - A)$ көбейткіші теңсіздіктің теріс әсерін көрсетеді (аймақтық экономика бойынша зерттеулер, ХВҚ, 2024). Сонымен қатар ОА елдері бойынша салыстырмалы талдау жүргізіліп, 2040 жылға дейінгі интеграциялық үдерістердің сценарийлік болжамдары жасалады.

ОАИИ аймақшәлік өзара әрекеттестікті сандық бағалау үшін әзірленген және экономикалық әлеует, халық саны мен институционалдық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды ескереді. Индекс сондай-ақ интеграцияға ықпал ететін немесе оны шектейтін сыртқы акторлардың рөлін жанама түрде көрсетеді.

ОАИИ авторлық формула негізінде есептеледі және үш құрамдас бөлікті (экономика, логистика, миграция) қамтиды, олар асимметрия коэффициентіне түзетіледі:

$$\text{ОАИИ} = I \times (1 - A), \text{ мұнда } I = (E + T + M) / 3, A = (\alpha E + \alpha D) / 2$$